

КІТАП ПАТШАЛЫГЫ



*С. Торайғыров атындағы
Павлодар облыстық өмбебап
шыныши кітапханасы*



Жұлдыз ТОЙБЕК

Жайна, Астана

Қазағым, көтеріліп аспандашы
Артта қалып өткен ғасыр ақ-қарасы.
Еңбегіндей сәбидің былқылдаған,
Жайнасын жаңа ғасыр Астанасы.

Аумалы-төкпелі өмір жалғанынан,
Қазақтың бергені көп алғанынан.
Егілгенде ес берді Еркіндігім,
Тәңірім қайырын бер қалғанынан.

Жер жаңанға белгілі енді елсің,
Әлем саған сүйсініп елжіресін.
Әнұраным биекте қалқып әркез,
Көгімде көк байрағым желбіресін!

Ажарлы
станамызга –
15 жыл!



Құрметті оқырман!

Айбыны асқақ Астанамызға – 15 жыл!

Осы мерейлі мерекеге байланысты басылымның басқы бетінен белгілі ақын Жұлдыз Тойбектің «Жайна, Астана!» атты жыр жолдары жазылды.

Бірінші бөлім «Бір ел – бір кітап» акциясы арқау болған мақаламен бастау алып, «Көкжиеқ» айдарымен кітапханада өткен кешенді дәрістер дәріптелді. Сондай-ақ жаңа кітаптардың тұсаукесерлері туралы мәліметтермен толықты.

Екінші бөлімде көсіби бағыт басымдық алып, кітапхана кеңістігіндегі кезекті маңызды оқиғалар, мазмұнды материалдар, авторлық жазбалар жарияланды.

Тарих&Тұлға айдарымен берілген тарихшы-ғалым Ж. Артықбаевтың «Абылай хан – ерлік дәүірінің ерен тұлғасы» тақырыбындағы зерттеу-мақаласы да оқығанға ой салады. «Пәлсала тамшыларында» Ақыт қажының «Сейфулмәлік» қиссасына қатысты тың деректер ұсынылды.

Ал жазушы Айгүл Кемелбаева суретші Мұхтар Байбосынның жазбаларынан автордың жан-дүниесіндегі сана-сезімін, шаттық-мұңын бейнелей жеткізеді.

Қымбатты оқырман! «Кітап патшалығының» кірпиян тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!

Құрметпен,
Ғания Бокейкызы



КІТАП ПАТШАЛЫГЫ

ғылыми-тәнымдық, өдістемелік журнал



Редакциялық алқа төрағасы
Әлібек АСҚАР

Әкім ТАРАЗИ
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ
Жанна ҚҰРМАНГАЛИЕВА
Иманғали ТАСМАҒАНБЕТОВ
Майя ЖИЕНБАЕВА
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Тұрсын ЖҮРТБАЙ
Тілеугали ҚЫШҚАШБАЕВ
Хабиба АҚЖІГТОВА

Бас редакторы
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА
Редакторы
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Дизайнер
Санель АМАНОВА

Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Үлттүп академиялық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелиш, 2009 жылғы 12 қарашадағы №10493-Ж қуәлігі берілген

“Print House Gerona”
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы:
Алматы қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 30 а, 124 кеңсе.
Тел.: 8 (727) 2 504 740, 3 989 462
Жазылу индексі: “Евразия Пресс”,
“Қазпошта” 74330

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел.: 8 (7172) 285266, 8 (7172) 446241
e-mail: kp_2009@mail.ru

Журналаға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып табылмайды. Журналаға жарияланған материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Жұлдыз ТОЙБЕК
Жайна, Астана!..... 2

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ..... 3

БІР ЕЛ – БІР КІТАП
Бибігулсін РАЕВА
«Жыр – менің жалғыз тарланым, Жанымды жырмен жалғадым»..... 6

КЕҢЖИЕК
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Кешенді дәрістер конспектісінен..... 10




ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ
Маржан ВАЛИУЛИНА
Будущее библиотек - за молодыми!..... 18



ЖАҢА КІТАП

«Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй ... ».....22

**НОВАЯ КНИГА**

«Владимир Смирнов –
человек-победитель».....24

ЖАҢА КІТАП

Майра ЕРМЕКБАЕВА
«ЖАНСУСАРДА»
ЖАҢА ЖИНАҚ.....26

Бұғінгі басымдық –

ҚазҰЭК-ты кеңейту.....32

ОПЫТ

Гульшат ДАРИБАЕВА
Обучающий семинар по фор-
мированию цифровых коллек-
ций.....33

EXPO-2017

Шекер САҚЫБАЕВА
EXPO – бүкілөлемдік көрме.....37

КӘСІП КЕЛБЕТІ

Дина АМАНЖОЛОВА
Шығармашылық пен жаңашыл-
дық аймағы: Қарағанды облысы-
ның кітапханалық кеңістігі.....41

БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ

Фаина ТИМЕРШИНА
Информационные услуги
для малого бизнеса.....49

ПЕРСОНА

ИВАНОВА Г. Е., БАЙЖАНОВА Б. Б.
Впереди ещё много
вершин.....50

БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ

Роза ИСАТАЕВА
Библиотеки Западно-Казахстан-
ской области в международном
фестивале «Читающая
Евразия».....54

БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ

Алмас МЫРЗАБЕКОВ
Основное направление – реа-
билитация и адаптация57

**БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ**

Бибигуль ИСМАИЛОВА
Библиотека глазами
читателя60

УНИВЕРСИТЕТ

КІТАПХАНАСЫ
Жеткізген ИСИМОВ
Бүгінгі кітапхана –
ақпараттық ресурстарға
қолжеткізу орталығы.....63

АУЫЛ КІТАПХАНАСЫ


Айнагул МЕКТЕПОВА
Бір ауыл, бір кітапхана,
Бір кітапханашы.....65

ТАРИХ&ТҮЛҒА

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ
Абылай хан – ерлік дәуірінің
ерен тұлғасы.....68

МАСТЕРСКАЯ ТАЛАНТОВ

Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
«И человек есть Книга ...».....76

**ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ**

Дәүләткерей КӘПҰЛЫ
Ақыт қажының Қазанда
басылған қисса-дастандарының
бірі - «Сейфұлмәлік».....82

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ШЕБЕРХАНАСЫ**

Айгүл КЕМЕЛБАЙ
Мұхтар Байбосын –
пейзаж әлемінде.....85

ПОЭЗИЯ ПАТШАЛЫҒЫ

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ
Кітап.....90

ТВОРЧЕСТВО БИБЛИОТЕКАРЕЙ

Гаухар БЕКБАЛАКОВА
Байки из командировочной
жизни.....90

ӘҢГІМЕ ӘЛЕМІ

Алмагүл КЕНЖЕБЕКОВА
Кітап – қашан да Кітап!.....92





«Бір ел – бір кітап» – 2013» акциясы аясында еліміздің кітапханаларында кең көлемді іс-шаралар үйімдастырылуда. Алдымен, ақпан айының аяғында акция кітапты таңдалып алынды.

Көп ұзамай, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада жазушы, ғалымдар, депутаттар, екі министрліктің жаупапты тұлғалары мен кітапханашылар бас қосып, БАҚ өкілдеріне жетінші жылдың таңдамалы туындысын және оның авторын жария етті.

Асыға күткен оқырман да адудындықтын Ф.Оңғарсынованың «Дауа» атты лирикалық жыр жинағын жылы қабыл алды.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің жаупапты хатшысы Жанна Құрманғалиева ақынның асыл ойларын жүрекпен тыңдал, теңдессіз тармақтарын бірлесе оқып, көнілдерге тоқуға шақырды:

– Қазіргі қоғамның кітап оқудан алшақтап бара жатқаны шындық. Ең басты мақсат – сол сіреспе сөнді бұзып, қозғау салып, оқырманмен жұмыс жасау. Осындей шаралар арқылы оқыту еді.

Ескерте кетсек, акция миллиондаған азаматты оқуға тартып, елімізде кеңінен етек алды. Оған аймақтардан келіп түсіп жатқан ақпараттар, оқырман хаттары күө.

Биылғы жыл акцияны үйімдастыру комитеті қазақтың көрнекті ақыны Фариза Оңғарсынованың «Дауа» атты жыр жинағын таңдаған екен.

Біз бұған қуаныштымыз!

Бибігүлсін РАЕВА
Қызылорда облысы
Қармақша аудандық ОКЖ
Әдістеме-библиография
белімінің менгерушісі



«ЫР – МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ТАРЛАНЫМ, ЖАНЫМДЫ ЖЫРМЕН ЖАЛҒАДЫМ»

Сонымен, акция шенберіндегі мәдени шаралар өңірлерде түрліше сипатта өткізілуде. Айталақ, Ұлттық академиялық кітапханада «Поэзия патшайымы» тақырыбымен ашылған кітап көрмесі көрерменді көп тартты. Бұдан бөлек, жыл сонына дейін Қазақстанның қалаларында, ауыл-аймақтарында мындан аса іс-шара үйымдастыру үйғарылыш отыр.

Ал ауыл кітапханасындағы оку акциясы қалай жүзеге асырылуда? Сұраққа әріптесіміз Б. Раеваның мақаласынан жауап табасыздар.

Бас қаламыз – Астанада басталған оқу акциясы бойынша басқосулар ауыл-аймақтарда да жалғасын тауып жатыр. Соның бірі – Қызылорда облысы Қармақшы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мемлекеттік мекемесіне қарасты Алдашбай ахун ауылдық кітапханасында еткізілген «Жыр – менің жалғыз тарланым, жанымды жырмен жалғадым» атты әдеби-сазды кеш. Кештің мақсаты – Фариза Онғарсынованың өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға төрөндете таныстыру.

Ақын Фариза Онғарсынова – еліміздегі ең көп оқылатын авторлардың бірі.

Ақын шығармашылығына әлеуметтік пен азаматтық тән. Жырлары отансүйгіштік рухты оятып, туған халқын суюге, құрметтеуге, салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеуге шақырады.

Әдеби кешті Алдашбай ахун ауылдық оқругінің әкімі Аяш Ахан ашып, жастандарды шынайы ақынның жыр сандығынан сусындауға шақырса, №111 орта мектеп директорының

міндеттін атқарушы Айжан Себаева ақын поэтикасына деген пікірін былай деп білдірді: «Фариза Онғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келенсіз тұстарды дәл нысанага алуымен ерекшеленеді».

Ал аудандық Мәдениет және тілдерді да-мыту бөлімінің бас маманы С. Тәуекеловтің тұжырымы ақынның «жан досы – поэзия» дегенге саяды:

– Ол – болашақ үшін өмір сүретін ақын. Мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүргегі мұздаған кезінде Фаризаның досы, сенері, мұндасты, берер дәрі-дауасы – поэзия деп айтқым келеді.

Кеште кітапхана оқырмандары Ф. Онғарсынованың «Дауа» атты өлеңдер жинағына енген ақынның өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Кеш соңында қонақтар «Жыр әлеміне құлаш үрган ақын» атты кітап көрмесімен танысты.

Осы кеш оқырман бойында поэзияға, шығармашылыққа деген сезім мен сүйіспеншілік қалыптастырды деген бес сенім бар.



Кешенді ДӘРІСТЕР КОНСПЕКТІСІНЕН



Жыл басынан бастап
Ұлттық академиялық кітапхана-
да «Халықтық дәрістер» жоба-
сы аясында дәрістер оқылуда.
Алғашқы дәрісшілер – академик
Жабайхан Әбділдин және
жазушы Әнес Сарай.

Сонымен, академиялық сабактар сериясы фило-
софиядан бастау алды. Бұл – заңдылық.

Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры, жазушы Әлібек Асқаровтың әңгімесінше, қаламгерлер қауымын кітапханаға қонақ етудегі мақсат – ертеректе Алматыда жүргізілген «Халық университетті» дәрістерін жалғастыру, емін-еркін ой бөлісу.

20-АҚПАН. БІРІНШІ ДӘРІС.

Тақырыбы – «Философия – өмір сұру кілті», «Тұлғалар туралы естеліктер». Дәріскер – академик Жабайхан Әбділдин.

КӨКЖИЕК



«Философия – мәдениеттің рухани өзегі»

Алдымен, академик Жабайхан Эбділдин ғылымдар тарихының тамырын ажыратып берді. Тарихтан тін тарқатсақ, мәдениеттің, өркениеттің өзегі – философия.

– Философия – ең ескі ғылым, ғылымдардың атасы. Философияның тарихы үш мың жылдан асады. Басында философияда ылғы ғұламалар болып, барлық ғылым философияның ішінде болған. XVII ғасырда ғана философиядан ғылымдар бөлініп шыға бастады. Бұл – өмірдің сұранысы. Бұл кезде нарықтық экономика пайда болды да, бірінші рет өндіріс өмірге келді. Сондықтан да өндіріске керек мамандарға зәрулік байқалды. Осы кезеңде философия нендей нәрсеге көніл белуі керек деген мәселе туады. Бұл сұраққа ежелгі грек философи Сократ «Философия – өмір сұруге үйретеді» десе, «Философия – мәдениеттің рухани өзегі», – дәп жауап беріпті екінші ғұлама.

«Ақыл – ған қуаты»

– Философия өмір сұруге үйретеді, соның алғашқы негізі – ақыл білімі. «Адамға – ақыл керек, іс керек, мінез керек», – деп ұлы Абай да айтқан. Адам баласы бүгінгі заманға дейін өз ұлтынан тапқан ақылын бойына сіңіріп қана ақылды бола алды. Ақылды болу үшін көп оқып, көп біліп, көп сырласу керек екен. Ақылды болудың бұдан басқа жолы жоқ. Алайда, көп оқығанның бәрі ақылды емес. Алапат ақпаратты көп менгерсе де кейбіреулер ақылдылар қатарына қосыла алмайды. Анығында, адамға ақыл қонуы үшін құндылықтарды біліп, ұлылардың айтқанын үгып, соны өмірге пайдалана білу керек. ...Диалектика – өмірдің қайшылығын, өмірдегі өзекті



мәселелерді шешуші тәсіл. Сол тәсілді ғұламалар ғана ашып, соны қолданып, бірінен соң бірі дамытқан. Диалектиканың негізін салушы Гераклиттен бастап, Платон, Аристотель, Кант бәрі де ақылдың бір-бір түйінін шешкен. Сондықтан да солардың еңбегінің әрбір түйінін, қалай пайда болып, қалай шешілгенін байқасақ, соны бойына сіңірсөн, сен де ақылды, сен де ғұлама боласың, – дейді дәріскер.

– Ақыл – бұл мәселені шеше білу. Осыған үйренудің көзі. Сондықтан тек ұлы ғұламалардың еңбектерін, ұлы классиктердің еңбектерін оқу керек. Ал ақыл мен білім – біздің рухани байлығымыз», – деп ақылға ақыл қосудың аса қажеттілігін ескеptіp екшеген автордың айтудынша, бұл дүниенің сезімсіз құны жоқ, – Мына дүниеде көркемдік бар, сұлулық бар. Бұлардың барлығының негізі – сезім. Бұл дүниеде сезімсіз ештеңе жоқ. Платонның айтудынша, «Сезім – махаббаттың мың қырының бірі». Сезім де ұлттық құндылықтар арқылы оянады.

«Бұл қисайдей президент болмайды»

Философ-ғалым Ж. Әбділдин Ұлттық ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ. Сәтбаев туралы ой тарқатты:

– Керемет тұлғаларды көп кездестірдім. Тарих тәріне көшкен күндерімнің ұмытылмас, өшпес сәттерін ғана баяндап берейін. Мен Мәскеуден МГУ-дің аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертациямды қорғап Алматыға келдім. Көп ұзамай, С. Зиманов мәні диалектикалық логика секторының жетекшісі етіп қойды. Кезінде МГУ-де керемет жағдайда тұрғанбыз. Мұнда келсем, Ленинградта бітіріп келген Әбдірахман Дүйсенбин деген досым бақта тұрып жатыр екен. Досыммен бірге мен де бақта тұрдым. Көп ұзамай бастығыма жағдайымды айттым. Директор пәтер мәселесі қолынан келмейтінін айтып, «Сен, Қаныш Имантаевичқа бар»,

– деді. Қанекеңе келсем, іс-сапарға кеткен еken. Хатшысы келесі дүйсенбіге келуімді өтінді. Дүйсенбінің таңғы тоғызында тағы келдім, қолымда кітабым, кезекке жазылып кешкісін кірдім. ...Қолымды беріп, көзіне қарасам, көзі қой көз, қолы сүйріктей ұзын, бірақ ете жұмсақ еken. Қандай мәселе мен келгенимді сұрады. Өтінішімді бердім. Өтініштө МГУ-ді бітіріп, қазір «Логика отражение действительности» тақырыбының жетекшісі еkenім жазылған. Ол кезде үйленбекенмін, негізгі дәлелім – көрі әке-шешем, соларды қалаға алып келу. Әлгіні оқып шығып, маған қарал күлімсіреді де «Тақырыбың өте жақсы еken, шырағым! Мұндай тақырып бұрын бізде болмаған гой, сенің жетекшің кім, рецензенттерің кімдер?», – деді. Берін айтып шықтым. Бір мезгілде «Ә, саған пәтер керек қой. Пәтер берейін, бірақ қазір дайын емес. Жұрттан естисің гой, пәтер берілетінің, сол кезде маған тағы да кел. Бірақ саған айттар ақылым бар. Сен әкең мен шешенді әкелмей-ақ қой. Ауылда отырған адамдар гой, мына жерді менсінбей, елімді сағындым дер. Олар болмаса да үйінді беремін. Шамаң келсе, ақшамен көмектесіп тұр. Бұл – бір. Екінші, жақсы бітіріпсің көрініп тұр, үйлендін бе? Үйленбесең, ғалым адам үшін әйелінің рөлі өте үлкен. Сен әсіреқызы болма», – деді. Басқа да адами қасиеттерді айтып, «Шырағым, үйінді аласың», – деп шығарып салды. Өкініштің, жарты жылдан соң ол кісі дүниеден өтіп кетті. Қыын болды-ау деп едім, бірақ сол кісінің айтқанымен Бейішев шақырып алдып, маған пәтер берді. Айтайын дегенім, мен ол кісіден шыққанда, тіпті тұк бермей-ақ қосының, ұлы адамның мені қошаметтеп, сен ғалым боласың, сенің жағдайынды жасаймыз деп бағалағанда тәбем кекке жеткендей болым. Тағы бір жайт, Қаныш Имантаевичті бейітке бүкіл ел болып шығарып салдық. Қазасынан кейін асханаға келіп, тамақтанып отырғанда бізben көрші редакция директоры Нинбург: «Енді сіздерде бұл кісідей президент болмайды», – деді. Неге? «Әрине, таланттар туады. Бірақ сондай парасатты, сондай қасиетті адам болмайды». Айтқанындай, қаншама президент болды, бірақ Қанекендей президент болған жоқ.

«Оу, профессормен амандастыым керек»

Енді кемел тұлға Д. Қонаев пен профессор Ж. Әбділдиннің өзара сыйластық сөттерінің күегері болайық:

– Екінші, Дінмұхаммед Қонаев. 1973 жылы мен директор едім. Жағдайымыз мәз емес. Өте абырайлы басқарған С. Зимановты қызметінен алып, орнына Жангелдин деген кісі келген. Бұл кісіні үжым қабылдай қоймады. Үжым екіге бөлінді, кунде бір комиссия келеді. Талас-тартыс. Ақыры, директор өмірден өтіп кетті. Басшылыққа кандидаттар көп. Мен де үміткерлердің бірі болыппын. Мен туралы Мәскеудің ойы жақсы еді. Бірақ бәсекелестерім сыртымнан түрлі лақап таратып, Орталық Комитетке үшбу хаттар жолдасты. Осы жында «Әбділдиннің түгін де қалдырымайды» деген сез тарапты. Өзім бұлардан бейхабармын. Келдік, оймында тұк жоқ. Жиналыс басталып кетті. Кедеров баяндамасында ойда-жоқта мені мақтады. Логиканы материалистік тұрғыдан жазуымыз керек болатын. Нәтижесінде, Лениннің идеясына ең жақын келген біздің еңбегіміз еken. Терт томдықты табысты аяқтадық. Келгеннен кейін Димекен мені бірден директор өтіп бекітті. Анадай жерде Президент отыр, мұнда мен тұрмын.

– Ал, қалай жолдаст Әбділдин, институт тәртіпке келе ме?

– Білмеймін, Димаш Ахметович, талпының жасап көрейік.

– Солай көріңіз, Орталық Комитет тарапынан көмек көрсетілетін болады.

Расында да, көп көмек көрсетті.

Бір күні Димекеннің қабылдауында болдым. Еңгезердей-еңгезердей министрлер, айтулы академиктер. Ең жасы мен. Мені кісі деп ешкім елеген де жоқ. Бір мезгілде Димекен шықты. Алдында Премьер-министр Әшімов, жанында бюро мүшелері

қаз-қатар тұрды. Мен ең шетінде, кімге керегім бар деп тұрмын. Әшімовке келе берген кезде жалт бұрылды да, «Оу, профессормен аманасуым керек», – деді. Өзім де шошып кеттім. Халық дүр етті. Сөйтіп, ешкім білмейтін адам бір күннің ішінде дүркіреп атын шығып кетті. Бұл – Димекеннің ақылдылығы ғой!

«Мен мынау талқыға риза емеспін»

М. Әуезовтің философиялық ойлары академик Ж. Әбділдиннің таңданысын тузығаны туралы келесі тармақтарда көрініс алады:

– Үшінші, Мұхтар Әуезов. Мен М. Әуезовпен студент кезімде өткізілген оқырмандар конференциясында кездестім. Ол кісі конференцияда баяндама жасады. Сонда оның диалектикалық образға қатты көңіл бөлөтініне көзім жетті. Екінші жағдай, мен Мәскеуден аспирантураны қорғап келдім. Келсем, ол кісінің «Абай жолы» эпопеясы жарыққа шығыпты. Бір жында бәрі мақтап жатыр. Керемет. Мықты. Соңына қарай, авторга сез берілді. «Бәрің мақтап жатырсындар, керемет, мықты дейсіндер. Бірақ мен мынау талқыға риза емеспін. Мәселе – мақтауда емес. Мен өлемдік мәселе көтердім. Әке мен баланың проблемасы, үлкен философиялық проблеманы көтердім. Бұл жөнінде неміс те, орыс та, француз да жазды. Сонда мен қазақ ретінде қазақ әміріндегі әке мен баланың арасындағы қатынастың қандай екенинә қалай үлес қостым. Соны біреуін айтпадындар ғой», – деді Мұхтар Әуезов. Ралында да, бұл кісі басқалардан көш биік екен. Жақында 20 томдық жинағы шағырылды ғой. Соны қарап отырсам, «Кант – философияның шамшырағы», – депті. Жиyrма бір жасында философия туралы бірсыныра батыл ойлар қалдырган екен.

Қанды әнциклопедия

«Төртіншісі, Әлкей Марғұлан. Марғуланмен екі жыл бірге жүрдім. Ол кісі – тұнып тұрған

энциклопедия. Бір күні «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жыры мен У. Шекспирдің «Ромео-Джульєтта» трагедиясындағы сюжеттік үқастықтарды салыстыра отырып, тарихына тоқталды. Біздің әпостың тым өртеде туындал, XIII-XIV ғасырлардан ел аузына таралып кеткендігін, ал ағылшын туындысы XVII ғасырда ғана тұғанын айтты. Осылай, ұлылардың ісі – мен үшін үлкен сабақ. Бұл жөнінде бір ғұлама былай депті: «Бір ғұлама оқытушың болмай, бір ғұламадан ақыл естімей, сен ақылды бола алмайсың». Демек, керемет туынды керемет ғұламалар арқылы келеді, – деп ой сабактады академик Ж. Әбділдин.

27-НАУРЫЗ. ЕКІНШІ ДӘРІС.

Тақырыбы – «Ногайлы дәуірі – қазақ халқының алтын ғасыры». Дәріскер – жазушы әрі зерттеуші Энес Сарай.

«Ногайлы дәуірі – қазақ халқының алтын ғасыры» тақырыбымен жазушы әрі зерттеуші Энес Сарай төл тарихымыздың түп-тамырын түгендеп, дүрбелең дәүірлердің белесті беттерін сөйледті.

Монгол империясынан дербес мемлекет ретінде бөлініп, 140 қаладан құралып, айбынды атымен мәшіүр болған Алтын Орданың біржола құлдырап, қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерді автор көз алдымызға келтіреді:

– 1359 жылы Алтын Орда – ұлы монгол империясы үлкен сілкіністі басынан кешірді. Осы жылы Батудан тараған үрпақ құрып бітті. Бердібек дүниеден өткен кезде нар мойыны кесілді деп айтқан. Осыдан кейін, 21 жылда 20 хан өзгерді. 1380 жылы Алтын Орда тағына Тоқтамыс келіп, 15 жыл басқарып, хандықты қалпына келтірді. Бірақ 1395 жылы Ақсақ Темірдің екінші шапқышылығынан кейін Алтын Орда құрдымға кетті. Бұдан соң Алтын Орда басын көтере алмады. Ақсақ Темір Алтын Орданың онынан да, солынан да шығып,

КӨКЖИЕК

Қара теңіздің жағасындағы Азаулы (ол кезде қала Тана аталды) қаласын талқандап, көтерінде Орыс ханның ұлы Құйыршықты хан қойып кетті. Бұл 1395 жыл еді. 1396 жылы Еділ Жайықтан кетті. Сол жылдың аяғында Құйыршықты Едіге төңірегіндегі адамдар өлтірді. Құйыршық дүние салған соң Едіге Темір Құттықты хан тағайындағы. Бұл да Тоқа Темір әулетінің бір адамы еді, өзіне нағашы болып келеді. Сейтіп Алтын Орда деңгейіндегі билікті Едіге өз қолына алды. Алтын Ордаға Қажытархан, Сарай-Бату және Сарай-Жәдіт қалаларын қалдырды. Сол үш қаладан басқасын ойып алып, Еділ-жайық арасы, содан Жемге дейінгі жерді Едіге өзінің уысына айналдырды. Осылай дүние өзгерді.

Бір ғажабы, Ноғайлышда бірде-бір Шыңғыс тұқымы болмады. Бұл жергілікті тайпалардың билігіне құрылды. Қарадан шыққан Едігенің бүкіл Алтын Орда тізгінін қолына алғанда қоғам белсенділігі байқалды. Сол кезде жыраулар да, ақындар да көптеп шықты. Поэзия шарықтау шегіне жетті. Қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтерген алғашқы авторлық поэзия дүниеге келді. Дүниеси философияның алғашқы



қарлығаштары көріне бастады. Айтальық, Асан қайғы жырында асыл тас туралы кіші-гірім новелла туды. Сонымен бірге, жыраулық мектеп қалыптасты.

Демек, Ноғайлыш дәүіріндегі сез өнері – қазақ ауыз әдебиетінің бастау бұлғағы. Айтальық, эпостық жырлар – тұнып түрған тарих.

– Ең үлкен феномен, Ноғайлышда «Қырымның қырық батыры» топтама эпосы дүниеге келді. Бірақ бұларды зерттеп, тарихи деректермен салыстыра қарасам, бұл



23-СӘУІР. ҮШІНШІ ДӘРІС.

Тақырыбы –
«Зиялдың қауым
жөне дін»,
«Руханият
құндылықтары
жөне діни сана».
Дәріскер –
Дін істері
агенттігінің
төрағасы
Қайрат Лама
Шариф.

жай ғана эпос емес, эпос формасында жазылған Ноғайлыштың тарихы екеніне көзім жетті, хронология сақталған, – дейді дәріскер.

Әдебиетте теңіз тақырыбын көтеріп келіп, «Көнеліктер», «Ноғайлыш», «Махамбет», «Кек түріктері» тәрізді тарихи туындыларымен көркем сөз әлемін келісті кестелеген қаламгер қос халықтың тұп-тамыры – ру, тайпалар шежіресінің ара жігін ашып беріп, қарт тарих қалтарысындағы қылыш-қылыш құбылыстар құпиясы дәлелді дәйектермен боямасыз, бүкпесіз баяндалды.

Ноғайлардың қандасы қазақпен қарым-қатынасын әріден өрбіткен автор Хақназар ханның тұсында туындаған толғаумен тұжырымдады:

Алаштан қазақ тараған,
Ноғайлыға қараған
Жауға алдырмай ногайлар,
Бір-біріне жараған.
Ноғайдан қазақ бөлініп,
Үш жүз болып тараған.
Қалай десек те, қазақ іргесі берік үлт болып қалды. Үлт тарихы – үлт тарих.
Сол сөнбес тарихымыздың тұтас картинасы көрермен көңіліне ой қондырды.



Діни дүниетаным, діни сана мен ұлттық дәстүрдің ара-жігін ажыратып беретін кезекті дәрістің кез келген қоғам өзіліне өзектілігін ескеріп, көрнекті исламтанушы маман Қайрат Лама Шарифті арнайы шақырып отырғанын атап өткен Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры, жазушы Әлібек Асқаров жиынның ашылу салтанатында:

– Өздеріңіз көптен күткен, сәті түсken дәрісті астаналық зия-лылар мен министрдің сұхбаты ретінде қабылдауға лайық деп білемін. Бәрімізді толғандырған дүниеге дәріскердің көзқарасын тыңдал, кеңінен отырып талқыға салайық, – дей келіп, сөз кезегін Дін істері агенттігінің төрағасына берді.

– Қазақстанда діни ахуал тұрақты деуге болады.

Оның тұрақтылығының негізі – халқымыздың 70 пайызы ислам дінінде екендігі. Мұның маңыздылығы, біз алғаш рет исламның Әбу Ханифа мазхабын дамытамыз деп заң жүзінде бекітіп алдық. Яғни, қазіргі үрдістің барлығы – діни сауаттылықты арттыру. Соның ішінде Әбу Ханифа мазхабын түсіндіру. Бұл біздің 12 ғасырлық атадан мұрага келіп жатқан ислам дінінің асыл мұрапарын бүгінгі күнге жеткізу. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Өйткені, төрт мұсылман болса, соның үшөүі осы мазхабты ұстайды. 11 млн мұсылманның Әбу Ханифа мазхабында ерекшелігі жетерлік. Бірақ біз осы мазхабты қазақ болмысқа тән етіп, қазақи салтымызға сай етіп ұстансақ дейміз. Қазіргі іс-қимылымыздың қайқайсысы да қазақи болмыстан ажырап қалмау мақсатында жүргізіліп жатыр, – деді Қайрат Лама Шариф.

Төрағаның тағы бір түщымды мәліметіне сүйенсек, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданғаннан кейін бірлестіктерді қайта тіркеу бары-



сында 579 діни бірлестік өз қызметін тоқтатты.

Жастардың дінге бет бұрып жатқаны бір жағынан қуанышты жағдай, сондай-ақ бұл ретте ойланатын мәселелер де бар. Білім-білігі төмен, түсінігі таяз, бірақ белгілі бір үйімға өкілдік етіп жүрген жастарымыз өте көп.

2500 мешіттің үш пайызында ғана жоғары діни білімі бар азаматтар отыр. Үш айлық курсы бітірген адам қалай имам бола алады?! Ол – шын мәнінде, нағыз дүмше молда.

Басқосуда Құран және Құранды аудару мәселесі де орынды көтерілді. Осы орайда, Агенттік төрағасы ақын-жазушыларға қолқа салды.

– Ең бірінші Құранды Халифа Алтай аударды. Бірақ оның түрған жері – Түркія. Сондықтан түрғылықты жеріне қарай диалектілік элементтер кездесіп жатады. Өзге де авторлық аудармалар бар. Дегенмен, түсініксіз тұстары әлі де көп. Сондықтан, ақын-жазушыларымыз жиналып, Құранды, Құранның сүрелерін қара сөз, поэтикалық тілмен өрнектеп, жастардың қабылдауына жеңілдетіп беруге болар еді.

Айсүлу СЕЙЛОВА

Будущее библиотек - за МОЛОДЫМИ!



ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ



Ежегодно 23 апреля во Всемирный день книги и авторского права и к Дню рождения НАБ РК Национальная академическая библиотека Республики Казахстан проводит День открытых дверей под традиционным названием «*Кітапхана ғасырларды жалғайды ...*».



МАРЖАН ВАЛИУЛИНА,
руководитель Центра развития
библиотек НАБ РК

Отличительная черта нынешнего пятого юбилейного Дня открытых дверей в том, что за его организацию и проведение была ответственна молодежь НАБРК. Поэтому теме Дня - «Будущее библиотек - за молодыми!» был весьма созвучен и девиз - «Верьте молодым!».

Основная цель мероприятия - повышение квалификации библиотекарей, обмен опытом, знакомство с информационными базами данных, развитие межбиблиотечного сотрудничества.

Изначально День открытых дверей планировался для библиотекарей города Астаны, но в последние годы приезжают коллеги и из разных областей Казахстана. В этот раз к нам приехали из Костанайской, Карагандинской, Жамбылской, Акмолинской, Восточно-Казахстанской областей.



Для гостей была проведена традиционная экскурсия по библиотеке с обзором книжно-иллюстративных выставок. Впервые была оформлена «Аллея молодых» с фотографиями молодых библиотекарей НАБРК и представлены материалы конкурса «Лучшая статья о НАБРК» и фотоконкурса «Я и PR НАБРК».

Старт Дню открытых дверей дал флешмоб «НАБРК - корабль знаний», основная идея которого - демонстрация общности целей библиотеки как информационного, культурного центра и корабля, стремящегося вперед к будущему, знаниям.

Модератором пленарного заседания был генеральный директор НАБРК Алибек Аскар, который отметил значимость мероприятия для повышения квалификации библиотечных специалистов. С приветственным словом от имени молодежного крыла «Жас Отан» Астанинского городского филиала НДП «Нур Отан» выступила первый заместитель исполнительного секретаря Перизат Кирисхан.

В докладе «Библиотечная молодежь - интеллектуальный ресурс отрасли» автором этой статьи было отмечено, что, по данным статистических отчетов, в массовых библиотеках страны на 1 января 2013 года работает 9332 человека, в том числе 5140 или 55,0% в сельской местности. Только 1556 человек в возрасте до 30 лет, и это всего 16,7% от об-

щего числа работающих, а на селе и того меньше - всего 620 человек или 6,6%.

С каждым годом все меньше и меньше становится библиотекарей, имеющих специальное профильное образование. Так, если всего пять лет назад их число в массовых библиотеках составляло 64,3%, то сегодня - 59,5%. Учебные заведения страны, готовящие библиотечных специалистов, выпускают весьма ограниченное количество кадров в год, несмотря на то, что число библиотек пусть медленно, но увеличивается.

30% специалистов, работающих в НАБРК, составляет молодежь до 30 лет. Проведенная аттестация выявила желания многих из них связать свою дальнейшую жизнь с библиотекой. Например, 9 человек в прошлом году закончили курсы переподготовки кадров в Челябинской государственной академии культуры и искусств, 11 - библиотечное отделение Кокшетауского государственного университета им. Ш. Валиханова.

Только за последний год 4 молодых специалиста прошли стажировку в Индии, 1 участвовал на 78-й конференции ИФЛА в Финляндии, 1- в Санкт-Петербурге, 1 - в Новосибирске. Ни одна служебная командировка внутри страны за последние годы не проходила без молодых. Ведь это тоже своеобразная возможность заявить о себе. Появляется ответственность, повышается самооценка, улучшается взаимоотношение в коллективе, и самое важное, повышается квалификация, происходит «погружение» в профессию.

Кроме этого, интерес у присутствующих вызвали выступления молодых специалистов библиотеки Вероники Балгарской на тему «Библиотека как социальный центр реабилитации пожилых и инвалидов» и Розы Исмаганбетовой о библиотечных услугах и Базах данных НАБРК.

Тренинг «Основные требования к созданию библиотечных сайтов», который проводила еще один молодой специалист Гульнур Усенова, был полезен для участников своей актуальностью и востребованностью.

Мастер-класс «Проектная деятельность библиотек» от ученого секретаря нашей библиотеки Гульшат Дарибаевой еще раз дал возможность присутствующим подумать над путями привлечения внебюджетных средств в библиотеку, необходимостью привлечения внимания общества к проблемам библиотек.



- Молодые специалисты Нуржан Жолдыбалинов и Майра Ермекбаева стали организаторами музыкально – литературного вечера в рамках республиканской акции «Одна страна - одна книга», посвященного творчеству Ф. Онгарсыновой. Среди гостей были член Союза писателей Казахстана Айгуль Кемельбаева, заслуженный деятель Казахстана Сауле Жанпесисова, молодая поэтесса из Турции Нурай Гюнеш и др. Чтение стихов Ф. Онгарсыновой молодыми сотрудниками библиотеки и гостями на русском, казахском, английском, турецком языках придало вечеру неповторимость. Удивило многогранность наших коллег, глубокое понимание и раскрытие темы «Женщина в казахской поэзии».

И в завершение дня специально для библиотекарей была организована лекция председателя Агентства РК по делам религий К. Лама Шарифа, который на самые разные вопросы слушателей дал исчерпывающие, научно обоснованные ответы.

Подводя черту, можно сказать, что ребята справились с поставленными перед ними задачами - заинтересовать коллег, показать свой профессионализм, доказать, что молодым надо, а, главное, можно верить!

По итогам Дня открытых дверей администрация библиотеки объявила благодарность молодым сотрудникам за активное участие и успешное проведение.





Төл мәдениетіміз тағы бір таңғажайып дүниемен толықты. Мамыр айында Ұлттық академиялық кітапханада «Шығыс Қазақстанның музыкалық мұрасы» атты аудиокітаптың тұсауы кесілді.



*«Күнделіктан кіріп бойды алар,
Демек он мен тәтті қурь...»*





Оқырман қауымның ыстық ықыласына бөлгөн бүл басылым мың данамен жарық көріп отыр. Барлығы 400-ге тарта өн-күйді еншілеген антология 18 дискіден тұрады.

Адам көңілінің ажары мен базарына баланған өн-күй жинағының жарық көруіне Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен Шығыс Қазақстан облыстық Медениет басқармасы, Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік филармониясы қолдау көрсеткен.

Жаңа аудиожинақтың жазылу ерекшелігі жайлы Шығыс Қазақстан облысы Медениет басқармасының бастығы Жақсылық Омар байлай баяндады:




– Жинақты қолға алған сәттен бастап біз жергілікті жердің ақсақалдарымен көңестік. Қариялар көптеген күйлердің, өуендердің өүелгі сарындарын сақтап жеткізді. Осылай, алғашқы орындаушылардың өз дауысы кірістірліді. Мұнымен қоса, Қытайдан Дәнеш Рақышев әкелген өндер де қамтылды. Композитордың жеке орындаудағы өндер де жаңа техникамен тазаланды. Ән-жырдың басым бөлігін Шығыс Қазақстанның әйгілі өнші-күйшілері орындаған. Бұлар бір-бірімен алмасып кетпеуді үшін хронологиялық реті сақталды. Бұдан әрі біз же затаңдай әнші, дәуlessекер күйшілеріміздің орындаудағы асыл мұрамызды болашақ буынға қазіргі қалпында табыстауга міндеттіміз.

Алтай мән Шыңғыстау, Баян Өлгей мән Қытайдың Алтай – Тарбагатай арасын жалғап жатқан дархан даланың музикалық мұралары жазылған антологияның алғашқы үш данасы кітапхана қорына сыйға тартылды.

«КП»





Презентация книги о выдающемся спортсмене, Олимпийском чемпионе Владимире Смирнове прошла в Национальной академической библиотеке РК.

«ВЛАДИМИР СМИРНОВ – человек-победитель»



Встретиться с легендой отечественного спорта пришли представители творческой и общественной интеллигенции, спортсмены, студенты, школьники и все, кто не равнодушен к высоким спортивным достижениям лыжника Владимира Смирнова, лыжному спорту.

Книга «Владимир Смирнов – человек-победитель» о жизненном пути и спортивной славе первого олимпийского чемпиона в истории Независимого Казахстана Владимира Смирнова.

Данный проект является дебютной авторской работой в СНГ, посвящённой выдающимся лыжникам и лыжным видам спорта в целом.

В нём задействованы четыре государства – Казахстан, Россия, Норвегия и Швеция.

Владимир Смирнов – Олимпийский чемпион 1994 года в Лиллехаммере, четырёхкратный чемпион мира, четырёхкратный серебряный и двукратный бронзовый призёр Олимпиад, многократный победитель первенств СССР. С 1980 по 1992 гг. выступал в составе сборной Советского Союза и СНГ, с 1992 по 1998 гг. – под флагом Республики Казахстан. Кавалер Ордена «Данк» и обладатель высшей норвежской лыжной награды – Холменколленской медали.

«КП»

«ЖАНСУСАРДА» ЖАҢА ЖИНАҚ

«Поэзия – адам сезімінің айнасы. Ол адамзатты поэзияға ғана тән белгісіз жұмбақ күшпен сезімнің алуан түрлі рақатына бөлейді; жақсы көру, жек көру, сүйсіну, қуану, мұнға бату – осының бері тұтас алғанда адам жаңының табиги нәрі, рақат сәттері. Өйткені мұнның да, қуаныштың да өзіндік ләззаты бар»

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА



Майра ЕРМЕКБАЕВА,
ҚР ҰАК Қоғаммен
байланыс бөлімінің маманы

Р Ұлттық академиялық кітапханасында тұсауы кесіліп, Астана қаласындағы жас ақын-жазушылардың шығармашылық деңгейін көтеруге, рухани-әдеби ортаның қалыптасуына, ұлттық поэзияны жас үрпаққа кеңінен насыхаттауға жағдай жасап келе жатқанына екі жыл болған «Жансусар» жас ақын-жазушылар клубында сүйінші жаңалық!





Сөүір айында кітапханамыздың Баспа-редакция орталығы шығарған «Жансусар» клубы мүшегерінің жырлары енген «Азаттық таңындағы азат жыр» атты алғашқы ұжымдық жинақ жарық көрді. Жинаққа бұрыннан танымал облыстық, республикалық мүшәйраларда топ жарып жүрген ақындармен қатар өлең өлкесінә жана желкендерін жайған жас ақындардың өлеңдері енген.

«Ақ қанатты армандар» деген тақырыппен кітаптың алғысөзін жазған әдебиет сыншысы, М. Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы ақындарға ақжол тілеп, оқырманға өлі кеңінен танылмаған жас ақындардың өлеңдерінә жан-жақты талдау жасаған.

Ал кітаптың тұсаукесерінә қатысқан белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлы, жазушы, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Айгүл Кемелбаева, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы бас директорының орынбасары Фалия Бекейқызы ақындарды құттықтап сөз сөйлемді. Жинақ туралы өз ойларымен бөлісіп, жас ақындарға жылы лебіздерін білдірді.

Жыр кешінеге қатысқан Серікзат Дүйсенғазин, Қалқаман Сарин, Ұларбек Дәлдейұлы, Ербол Бейілхан, Ақберен Елгезек, Ахат Расул сынды жас ақын деуден гөрі, орта буын өкілі болуға жақын қалған белгілі ақындар мен Олжас Сәндібекұлы, Саян Есжан, Қабиден Қуанышбай, Жанболат Шәкім, Ажар Ерболған, Айжан Тәбәріккызы, Гүлсара Шалқар сынды жас ақындар көпшілікке туған жер, махаббат, достық пен адамгершілік тақырыбына жазылған жырлардан шашу шашты.



Ақындардың әсерлі, әрлі, өзіндік өрнегі бар жырлары оқырмандарды да бей-жай қалдырмады. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп Абай атамыз айтқандай ақын ағаларына еліктеп өлең жазып жүрген тұсау-кесерге келген студент, окушы – жасөрендер ақын ағаларының алдында өз жырларын шабыттана оқыды.

Кеш соңында ақындар жыр жинақты шығарған кітапхана ұжымына алғыс айтса, қазақ поэзиясының тұнығына бойлатқан жанға жайлы жыр кешінің рақатына беленген қауым көтерікі көніл-күймен ақындардың қолтаңбасын алуға асықты.

Ұларбек ДӘЛЕЙ:

Қазіргі күнде қоғамымызда, тіпті, әлемде белең алған рухани аштық, мәдени жүдеулік, саналық дағдарыс салтанат құрған, жастар жадын улаған жалаң сезімдер жаңғырығы тұтас жүректерге жайылған бір керенау тұста биліктің де, басқаның да «Сен тимесен мен тимен, бадырақ көз» дейтін дәрменсіз жосынды ұстанып, әдеби ортандың да оңашалып қалғаны ақиқат.




Ақын-жазушылар үшін осындағы бір өрісі тар кезенде Ұлттық академиялық кітапхананың өзі бас болып, азат заманның жас ұл-қыздарының жүректерінде үнсіз бұғып жатқан жанартайдағы бұырқанған сезімдерін, нәзік үміттерін лирикалы сазға айналдырып, оны құдіретті жыр жолы арқылы жеткізген топтамаларын құрастырып, жинақ етіп шығарып, тұсауын ке-

ЖАҢА КІТАП

сіп, ел алдына шығаруы аса бір қуанарлық жаңалық болып сезілді.

Атам қазақта «Ерім дейтін елі болмаса, елім дейтін ер тумас» деген қасиетті сөз бар. Адамзаттық ұлпыданалық ойлар жиналып, сөреленген, үлттымыздың ұзақ заманалық ізіндей, алтынның сыйнығындаі, сүңқардың тұяғындаі қастерлі Ұлттық кітапханамыздың қызметкерлері жинап, дайындал, баспадан шығарған, алдымызды жатқан осынау азат жырлар топтамасын оқи отырып, алабетен өсерге бөләнгеніміз, өсіресе, жас ақын қыз-жігіттеріміздің «Бізді де іздейтін, елейтін, көтеретін осындаі бір мемекеме бар екен фой», – деп қуана қол соққаны соның дәлелі болса керек.



Қалқаман САРИН:

Астана – жастардың, жас таланттардың қаласы. Осындаі жастардың басын қосып, жас дарынды ақындарды тауып, олардың шығармашылық дамуына қолдау көрсетіп келе жатқан бірден-бір рухани орда – кітапханадағы «Жансусар» клубы. Аға буын мен жас буынның арасын жақыннатып, былайша айтқанда осы екеуін «бір қазанда қайнатып», шығармашылықты шындауға таптырмас орын. Өйткені, шығармашылық кештерде, кездесулер мен кітап талдау отырыстарында жастар аға буынның айтқан сын-пікірлерін естіп, ой-електерінен өткізеді, рухани өсуге тырысады. Ал, «Азаттық таңындағы

азат жыр» кітабының жарық көруі ақындарға жаңа шығармашылық өрлеу, шалқар шабыт сыйлады. Алдағы уақытта да осындаі иті өстер көп болса нұр үстіне нұр болар еді.

Қабиден ҚУАНЫШБАЙ:

«Азаттық таңындағы азат жыр» атты жыр жинағы жас ақындардың басын қосқан субелі жинақ болды. Жинақта Дәүлеткерей, Серікзат, Ербол, Үларбек, Қалқаман сияқты аттары ел құлағына шалынып жүрген мықты ақын ағаларымыздың да өлеңдері бар. Осындаі иті шараны үйимдастырып жүрген Ұлттық академиялық кітапхана қызметкерлері мен Фалия Бекейқызына алғыс айтады. Кітапхана қазақ поэзиясының өркен жаюына, оның бір арнаға тоғызына үлкен үлес қосып, жас қаламгерлерге шабыт сыйлап келеді.



Гүлсара ШАЛҚАР:

Арман қала – Астанадағы әдеби ортасын басын қосуды мақсат еткен «Жансусар» жыр клубының әдеби кештерінде келіп қатысып тұрамын. Әр келген сайын ақындар қу тіршіліктің қамытынан бірнеше сағат босап, оқырмандарымен бетпе-бет келгендіктен, кеуделерінен жыр ағынын ағытады. Ал оқырмандар жанына жақын жырлармен қауышып,



өмірді ақын көзімен бақылай бастайды. Ақын мен оқырмандар арасына байланыс орнататын осындаиди иғі шаралардың бірі – «Азаттық таңындағы азат жыр» кітабының тұсауқесер кеші. Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасы бар, аға буын-ның аузына ілігे бастаған жастар әдебиетінің бетке үстар ақындары мен енді ғана қалыптасып келе жатқан жас ақындардың жырлары жинаққа енген екен. 36 ақынға тілерім – қаламдарының мүқалмасын!

Әрдайым жастардың жағдайына алаңдап, қолынан келгөнше қамқорлығын аямай жүретін жоба жетекшісі Фалия Бекейқызына Алланың нұры жаусын!



Жасұлан СЕРИК:

Бұл кітап қазіргі жас буын мен орта буын ақындарын біріктіріп басын құраған өзиз дүние болды. Жалпы оқырман қауым жақсы қабылдады. Оқырмандар біз арқылы жинақты шығарушы қауымға разы-хоштығын білдіріп жатыр. Өлеңдейтін терінің бір пүшпағын илеп жүргеннен кейін біздің де сіздерге деген алғысымыз шексіз. Мұндай дүниелер алдағы уақытта да өз жалғасын табарына сенімдімін. Ұлттық академиялық кітапханамыздың Ұлт үшін жасар ұлықты істеріне сәттілік тілеймін!

бір пүшпағын илеп жүргеннен кейін біздің де сіздерге деген алғысымыз шексіз. Мұндай дүниелер алдағы уақытта да өз жалғасын табарына сенімдімін. Ұлттық академиялық кітапханамыздың Ұлт үшін жасар ұлықты істеріне сәттілік тілеймін!





Екінші бөлімде кітапхана
кеністігіндегі маңызды оқиғалар,
маzmұнды материалдар,
авторлық жазбалар жарияланды.
Казіргі көnфункционалдық кітап-
ханалар қызметі кітапханашы,
оқырман және жастар көзімен
жан-жақты сарапқа салынды.

Казакстан Республикасының Үлттық кітапханасы
Үлттық және облыстық әмбебап ғылыми кітапханалар
директорлары кеңесінің
ШЕШІМІ
(2013 жылды 11 сәуір, Алматы қ.)

Казакстан Үлттық электрондық кітапханасы - Мемлекеттік электрондық кітапхана корын қалыптастыру аясындағы жұмыстарды реттеу мақсатында кітапханаларга төмөндегі міндеттер бекітіліш:

- 1. Астана қаласындағы ҚР Үлттық Академиялық кітапханасы:**
 - 1.1. Казакстан Үлттық электрондық кітапханасы - Мемлекеттік электрондық кітапхана коры (КазҰЭК-МЭКҚ) акпараттық жүйесіне жазылу, сүйемелдеу және жабыдын техникалық колдану;
 - 1.2. КазҰЭК-МЭКҚ акпараттық жүйесін қалыптастыруда үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру, аймақтармен байланыс жасау;
 - 1.3. КазҰЭК-на электрондық құжаттарды орналастыруда авторлық құқықты сактау жауапкершілігі;
 - 1.4. Кітапханалардан сандық түрге көшірілген құжаттарды ҚазҰЭК-МЭКҚ акпараттық жүйесінде сандықтартады ҚазҰЭК-МЭКҚ жүйелер мен ведомстволар кітапханаларының құжаттарды сандықтартады сандықтартады;
 - 1.5. ҚазҰЭК-МЭКҚ акпараттық жүйесінің корын кеңеиту мақсатында ҚР барлық жүйелер мен ведомстволар кітапханаларының құжаттарды сандықтартады;
 - 1.6. Басылымдарды сандық түрге көшірілу мақсатында құжаттарды іріктеу үшін сарапшылар тобын құру;
 - 1.7. Төмөндегі басылымдарды сандық түрге көшірілу жауапкершілігі:
 - «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыққан;
 - «Өлеуметтік манызды әдебиеттерді шыгару» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыққан;
 - 1.8. ҚР Үлттық Академиялық кітапханасы тараپынан жауапты үйлестіруші ретінде бас директорлары орынбасары Ж.К.Шаймуханбетована белгілеу.
- 2. Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына:**
 - 2.1. Үлттық кітап корын сандық түрге көшірілу орталығын құру;
 - 2.2. Төмөндегі үлттық басылымдарды сандық түрге көшірілу жауапкершілігі:
 - сирек басылымдар және колжазбалар;
 - 1931-1945 жж. аралығындағы басылымдар (ҚР «Авторлық құрлық және сабактар құрлықтар» 1996 жылдың 10 маусымдағы Зәныңың 29-бабына сәйкес қоялдың иелікке айналған басылымдар);
 - 1946 жылдан қазіргі уақытқа дейнігі басылымдар (ҚР «Мәдениет туралы» 2006 жылдың 26 желтоқсандағы Зәныңың (27.05.2010 ж. енгізілген

өзгерістермен) 24-бабының 2-1 тармагына сәйкес түсетін басылымдардың міндетті мөлдірданаларының салтандыру корын құру актіндегі);

2.3. Құжаттарды сандық түрге көшірілу үдерістерін үйлестішура бойынша облыстық ғылыми-әмбебап кітапханаларға әділестемелі және кеңестік колдану көрсету;

2.4. ҚР Үлттық кітапханасы тараپынан жауапты үйлестіруші ретінде бас директордан бірінші орынбасары Б.К.Оспанована белгілеу.

- 3. Облыстық ғылыми-әмбебап кітапханаларына:**
 - Аймақтарда жергілікті баспалардан шығын басылымдарды сандық түрге көшірілген;
 - Құжаттарды сандық түрге көшірілген жылдық жоспарын жасау;
 - Қазақстандық Үлттық электрондық кітапхана корына сандық түрге көшірілген құжаттардың енгізу және орналастыру үшін авторлармен (баста, мекеме, оку орындары) көлісім-шарттар жасау жұмыстарын жүргізу;
 - Сандық түрге көшірілген басылымдардың мониторингін жасау үшін жылдық есептеріне сандық түрге көшірілген басылымдардың негізгі көрсеткіштерін айқындаудан тарап ашу;
 - Республикалық «Бір ел - бір кітап» акциясына байланысты кітапханалар сайттарында арнайы бет ашу.

Тәң төрагалар:

Қазақстан Республикасы
Үлттық кітапханасының
Бас директоры



Г.К.Балабекова

Астана қаласындағы
Қазақстан Республикасы
Үлттық Академиялық кітапханасының
Бас директоры



Бұгінгі басшылық – ҚазҰЭК-ты кеңеиту

